

Мамандық бойынша тест: 2 - пән Макроэкономика

1. LM қисығы аса тіктеу, егер:

- A) ақшаға сұраныстың (M) ұлттық табысқа (Y) деген сезімталдылығы аса жоғары болса
- B) ақшаға сұраныстың (M) ұлттық табысқа (Y) деген сезімталдылығы аса төмен болса
- C) ақшаға сұраныстың (M) пайыз мөлшерлемесіне (r) деген сезімталдылығы аса жоғары болса
- D) жинақтауға шекті бейімділік (MPS) аса жоғары болса
- E) тұтынуға шекті бейімділік (MPC) аса төмен болса
- F) салықтың шекті мөлшерлемесі (t) аса жоғары болса
- G) ақшаға сұраныстың (M) пайыз мөлшерлемесіне (r) деген сезімталдылығы аса төмен болса
- H) инвестицияның (I) пайыз мөлшерлемесіне (r) деген сезімталдылығы аса төмен болса

2. Бағалар деңгейінің өсуінен нақты байлық көлемі төмендейді, тұтыну көлемі қысқарады, сәйкесінше, AD көлемі де қысқарады, бұл:

- A) акселератор әсері
- B) Пигу әсері
- C) Кейнс әсері
- D) супер мультипликатор әсері
- E) пайыз мөлшерлемесінің әсері
- F) экспорттық сатып алымдар әсері
- G) импорттық сатып алымдар әсері

3. Мына келісімдердің қайсысы ЖІӨ көрсеткішінің құрамына кірмейді:

- A) ұсталған тауарларды сату
- B) жеке тұлғаның көлік сатып алуы
- C) фирманың шетелден ұшақ сатып алуы
- D) фирманың банктен кредит алуы
- E) есірткімен айналысу
- F) дүкеннен нан сатып алу
- G) сақтандыру төлемдері
- H) оқытушының еңбекақысы

4. Мемлекеттік бюджет шығындары:

- A) таза салықтар
- B) өндіріс шығындары
- C) мемлекеттік инвестициялар
- D) трансферттік төлемдер
- E) мемлекеттік тұтыну
- F) тікелей салықтар
- G) мемлекеттік қарызды жасау
- H) жанама салықтар

5. Егер төлем балансының «капитал қозғалысы шоты» бойынша Қазақстан шет елге қарыз берсе, онда ол операция:

- A) капиталдың импорты ретінде саналады
- B) капиталдың экспорты ретінде саналады
- C) дебет таңбасымен өтеді
- D) кредит таңбасымен өтеді
- E) шетел валютасының елге ағылуын көрсетеді
- F) валютаның сыртқа ағылуын көрсетеді
- G) девальвацияны білдіреді
- H) ревальвацияны білдіреді

6. Ұлттық валютаны девальвациялау саясатының салдары:

- A) экспорттерлер ұтылады
- B) импорттерлер ұтады
- C) нарықтың барлық субъектілері ұтылады
- D) импорттерлер ұтылады
- E) экспорттерлер ұтады
- F) нарықтың барлық субъектілері ұтады

7. Экономикалық өсудің сұраныс факторлары:

- A) негізгі капитал
- B) инвестициялық шығындар
- C) адам ресурстарының болуы
- D) тұтыну шығындары
- E) ресурстарды тиімді пайдалану
- F) мемлекеттік шығындар
- G) табиғи ресурстар
- H) технология деңгейі

8. Экономикада екі тауар өндіріледі: X (тұтыну тауарлары) және Y (өндіріс құрал-жабдықтары). Ағымдағы жылы X тауарының бағасы 2 теңгеден 500 данасы және Y тауарының бағасы 10 теңгеден 20 данасы өндірілді. Жылдың аяғында пайдаланудағы 5 машина жаңартылды. Таза ұлттық өнім көрсеткіші :

- A) 1 000+200
- B) 1 200
- C) 1200-50
- D) 1 000
- E) 200
- F) 1 150
- G) 150

9. Макроэкономикалық саясаттың түрлері:

- A) ақша-несие саясаты
- B) фирманың инвестициялық саясаты
- C) жастар саясаты
- D) баға саясаты
- E) экологиялық саясат
- F) амортизациялық саясат
- G) бюджет-салық саясаты
- H) тұтынушының тәртібін зерттеу саясаты

10. Акселератор коэффициенті 3-ке тең. Ағымдағы жылы ұлттық табыс (Y) өткен жылмен салыстырғанда 200 млрд.долларға өсті. Келесі жылы салынатын инвестициялар (I) көлемі:

- A) 1000
- B) 66,6
- C) 600
- D) 1200
- E) 200
- F) 500
- G) 100